




## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Асламбек МЕРҒАЛИЕВ, Жоғарғы Сот төрағасы:

# «АЗАМАТТАР СЕНИМІНЕ ИЕ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС»



Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев жұмыс сапары аясында Қонаев қаласына барып, Алматы облысының судьялар корпусымен 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары бойынша кеңес өткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

## МӘСЕЛЕ

Парламент Сенатының көзекті жалпы отырысында Палата депутаттары жануарларға қатысты заңды кері қайтарды. Бұл құжат қоғамда ұзақ уақыттан бері талқыланып келе жатқан, эмоциялық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да өзекті мәселеге айналған еді. Заң жобасын талқылауға депутаттар мен мүдделі мемлекеттік орган өкілдерімен қатар жануарларды қорғау ұйымдары, экологтар, ғалымдар және өңірлік сарапшылар белсенді қатысты.

## ЭВТАНАЗИЯ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕ, ҚАТЫГЕЗДІК ПЕ?

Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заңның қоғамда резонанс тудыруы – кездейсоқ құбылыс емес. Бұл тақырып бірнеше әлеуметтік, этикалық және қауіпсіздік мәселелерін тоғыстырады. Яғни, мәселе тек жануарларға қатысты емес, бұл үрдіс қоғамның гуманистік деңгейін көрсететін индикатор. Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет жануарларға қатыгездік – жалпы қоғамдағы агрессияның көрінісі екенін атап өткен болатын. Сондықтан бұл заң моральдық құндылықтармен тікелей байланысты.

Жалпы, Қазақстанда қаңғыбас жануарлар жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан күрделі проблема. Қоғам бұл мәселеде бүгінде екіге жарылып отыр. Жануарларды қорғаушы белсенділер оларды жаппай жоюға қарсы болса, қарапайым тұрғындар мен ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне алаңдайды. Сондықтан бұл жерде гуманизм мен жанашырлық, қауіпсіздік пен тәртіп мәселелері туындауы заңдылық. Жаңа құжатты қарау барысында осы факторларды зерделеген сенаторлар заңның негізгі тұжырымдамасын қолдай келе бірқатар маңызды түзетулер енгізінгі.

Соның бірі «эвтаназия» терминіне қатысты болды. Олар бұл шараны

заң мәтінінен алып тастауды ұсынды. Өйткені, тап осы «эвтаназия» ұғымының болуы қоғамда үлкен пікірталас туғызды. Бір топ оны жануарларға қатыгездік деп қабылдаса, екінші тарап оны қаңғыбас жануарлар санын реттеудің қажетті құралы деп санайды. Сенаттың бұл терминге қатысты ұстанымы – қоғамдық қысым мен пікірдің ескерілгенінің айғағы. Сарапшылардың айтуынша, эвтаназиядан бас тарту – өркениетті қоғамға тән қадам. Алайда бұл шешім инфрақұрылымдық дайындықты талап етеді. Егер эвтаназиядан толық бас тартсақ, онда міндетті түрде жануарларды уақытша ұстау орындарын, стерилизация бағдарламаларын және есепке алу жүйесін күшейту керек.

Өзгерістердің бір қатары қаңғыбас жануарларға қатысты 5 күндік нормадан бас тарту, өңірлерге реттеу құзыретін беру, және «қаңғыбас жануар» ұғымын нақтылауға қатысты болды. Бұл орайда чиптің болмауын автоматты түрде иесіздік деп танудан бас тарту – өте маңызды шешім болмақ. Себебі тәжірибеде жоғалып кеткен, бірақ иесі бар жануарлар да қаңғыбас ретінде ұсталып кеткен жағдайлар кездеседі.

(Жалғасы 3-бетте)

## ЛЕБІЗ

# ОТАНДЫ ҚОРҒАУ - ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

Құрметті әріптестер, қадірлі оқырмандар!



Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан баршанызды 7 Мамыр – Отан қорғаушылар және 9 Мамыр – Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Мамыр айының бұл қос мерекесі – елдіктің рухын асқақтататын, ерлік пен жанқиярлықты ұлықтайтын, тәуелсіздік пен бейбіт өмірдің қадірін терең сезіндіретін айрықша күндер. Бұл – өткенге тағзым етіп, бүгінгі тыныш тіршіліктің бағасын ұғындыратын, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін тағлымымыз мерекелер.

9 Мамыр – Жеңіс күні адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі – 1941–1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанын білдіретін қасиетті күн. Сол бір сұрапыл соғыс миллиондаған тағдырды талқандап, адамзатқа орасан қайғы

мен қасірет әкелді. Алайда халқымыз Отанын ғана емес, күллі адамзаттың болашағын қорғау жолында жанқиярлықпен күресті. Мыңдаған қазақстандық майдан даласында ерлік көрсетсе, тылдағы еңбеккерлер күндіз-түні аянбай жұмыс істеп, жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты.

Ұлы Жеңіс – аға буынның қайсарлығы мен табандылығының, елге деген шексіз сүйіспеншілігінің айғағы. Бүгінгі бейбіт өмір – сол жылдары төгілген қан мен тердің, көрсетілген ерлік пен төзімнің жемісі. Ардагерлеріміздің ерлігі мен өнегесі – ұрпақтар жадында мәңгі сақталатын асыл мұра.

7 Мамыр – Отан қорғаушылар күні де ел қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін сақтауға арналған ерекше мереке.

1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылып, ел қорғанысының берік негізі қаланды.


Содан бері бұл күн мемлекетіміздің егемендігін, айбынды әскерін және Отанға адал қызмет етудің маңызын айшықтайтын маңызды датаға айналды.

Отан қорғау – тек әскери қызметкерлердің ғана емес, әрбір азаматтың қасиетті парызы. Елге адал қызмет ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Бүгінде әскери борышын өтеп жүрген жас буын – ел ертеңінің сенімді тірегі. Олардың патриоттық рухы, тәртіп пен жауапкершілікке негізделген ұстанымы Қазақстанның жарқын болашағына деген сенімді нығайта түседі.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің қорғаныс жүйесі халықаралық деңгейде лайықты бағаланып келеді. Қазақстан бітімгерлік бастамаларды қолдап, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісіне белсенді атсалысып отыр. Бұл – бейбітшілік пен келісімді басты құндылық ретінде ұстанған мемлекетіміздің айқын ұстанымы.

(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ




Қылмыстың алдын алу – қауіпсіздік кепілі

6-БЕТ



Детектив қалай жазылады?

8-БЕТ



АЛТЫННЫҢ БУЫ

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



Асламбек МЕРҒАЛИЕВ, Жоғарғы Сот төрағасы:

«АЗАМАТТАР СЕНИМІНЕ  
ИЕ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Сот әкімшілігінің басшысы Найль Ахметзақиров қатысты.

Кеңесті аша отырып, Асламбек Мерғалиев еліміздің Президенті айқындаған негізгі қағидаттардың бірі – заң мен тәртіп үстемдік ететін Әділетті Қазақстан құру екенін еске салды.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірдегі сот инфрақұрылымын дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар судьялар мен сот жүйесі қызметкерлері үшін де, сот қорғауына жүгінетін азаматтар үшін де қолайлы жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті.

Өткен тоқсанның жұмыс қорытындылары туралы облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Қалдарбек Досымбет, сондай-ақ сот алқаларының төрағалары

Айбек Әбу мен Жанат Тазабеков баяндама жасады.

Кеңесті қорытындылай келе, Жоғарғы Сот төрағасы «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру соттар мен құқық қорғау органдарының тиімді жұмысы, құқық қолдану практикасын дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін неғұрлым арттыру арқылы қамтамасыз етілетінін атап өтті. Сот практикасының біркелкілігі мен сот төрелігін жүзеге асыру сапасына ерекше назар аударылды. Облыстық сот басшылығына жаза тағайындау практикасын, электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы сот қаулыларының орындалуын, сондай-ақ жазаны неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру мәселелерін жан-жақты зерделеу тапсырылды.

«Азаматтардың сеніміне ие болу оңай емес, ал оны сақтау одан да қиын. Соттағы

кез келген, тіпті ең болмашы қателіктің өзі қоғам тарапынан өткір қабылданады», – деді Асламбек Мерғалиев.

Сондай-ақ, оның айтуынша, Ұлттық статистика бюросының қаңтар айында жариялаған зерттеуіне сәйкес, тұрғындардың сот жүйесіне толық сенім деңгейі 63,2%-ды құраған. Бұл – зерттеу жүргізілген барлық жылдардағы ең жоғары көрсеткіш, алайда оны шекті деңгей ретінде қарастыруға болмайды.

Жұмыс сапары аясында Жоғарғы Сот төрағасы Алматы облыстық сотының жана ғимаратының құрылыс алаңында капсула салу рәсіміне де қатысты.

Мердігер ұйым өкілінің мәліметінше, заманауи бес қабатты облыстық сот ғимаратының құрылысы 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Жоғарғы Соттың  
баспасөз қызметі

## ЛЕБІЗ

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ -  
ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған реформалар аясында ұлттық қауіпсіздікті нығайту, әскери әлеуетті арттыру, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері басым бағыттардың бірі болып табылады. Әскердің жауынгерлік қабілетін жетілдіру, әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, заң мен тәртіп қағидатын орнықтыру – ел дамуының кепілі. Бұл бастамалар мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттырып қана қоймай, қоғамдағы сенімді және тұрақты ортаны қалыптастыруға қызмет етеді.

Судьялар одағы ретінде біз де қоғамдағы заңдылық пен әділдікті қамтамасыз етуге септігімізді тигізу арқылы ел қауіпсіздігін нығайтуға өз үлесімізді қосудамыз. Құқық үстемдігі мен әділ сот төрелігі – тұрақты әрі қауіпсіз қоғамның берік негізі. Әрбір әділ шешім – қоғамдағы сенімді арттырып, мемлекеттіліктің берік іргесін бекемдей түседі.

Бұл қос мереке – ерлікке тағзым ететін, елдіктің қадірін арттыратын, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге үндейтін тағалымды күндер. Тарихтан тағылым алып, бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын білу – біздің ортақ азаматтық парызымыз.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Сіздерге бейбіт өмір сыйлаған ерен ерліктеріңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздердің батырлықтарыңыз – мәңгілік өнеге, өмір жолдарыңыз – ұрпаққа үлгі.

Қадірлі әріптестер мен оқырмандар!

Сіздерді Ұлы Жеңіс және Отан қорғаушылар күнімен тағы да құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін. Еліміздің Көкбайрағы әрдайым биікте желбіреп, тыныштығымыз бен тұрақтылығымыз мәңгі болсын! Еліміздің қорғаны берік, бірлігіміз бекем болғай!

Досжан ӘМІР,  
ҚР Судьялар одағының  
төрағасы

## ПӘРМЕН

СОТ ШЕШІМІН УАҚЫТЫЛЫ  
ОРЫНДАУ ӨЗЕКТІ

Сот шешімдерін уақытылы орындау өзекті мәселенің бірі. Бүгінге дейін бұл мәселені шешу үшін заңнамалық өзгерістер қолға алынып, құзырлы органдар тарапынан көптеген ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Алайда соған қарамастан сот шешімдерін 100% орындау мүмкін болмай отыр. Оның бірнеше себебін көрсетуге болады.



Разия БИМЫРЗАЕВА,  
Алматы облысының  
жеке сот орындаушысы

Соның ішінде сот шешімдерінің дер кезінде орындалмауы борышкерлердің табысының төмендігімен, берешегін қайтаруға қаржысының жетпеуімен байланысты. Меншігінде мүлкі, ресми табысы жоқ азаматқа қандай да бір тыйым салып, қарызын қайтару да қиын. Мекенжайын өзгертіп, нақты табысын, жинақтарын жасырып, мүлкін өзге адамдардың атына рәсімдеу арқылы борышын қайтарудан жалтаратын азаматтар да сот шешімінің орындалуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Жеке сот орындаушыларының өз міндетін талапқа сай жасамауы, берешекті өндірудің тиімді тетіктерін дұрыс қолданбауы, борышкердің тұрғылықты жері мен нақты табыс көзін жедел анықтамауы да көп ретте сот актілерінің орындалуын кешеуілдетеді.

Кедергілер қатарына жылдар бойы үзілмей келе жатқан құзырлы органдардың бюрократиялық қадамдарын да жатқызуға болады. Айталық банктер, қаржы ұйымдары, жол-патрульдік полиция бөлімдері мен көптеген өзге мемлекеттік құрылымдар жеке сот орындаушылардың сұранысына бірден жауап бере қоймайды. Тез әрі қиындықсыз беруге болатын мәліметтерді кейде жөнсіз созып, қолдан кедергі келтіретіндер де аз

емес. Осының өзі сот актілерінің сапалы орындалуын тежейді.

Процессуалдық нақтылықтың ескерілмеуінен де сот актісінің орындалуын күткен азаматтар зардап шегеді. Мәселен, атқарушылық құжаттың дұрыс рәсімделмеуі, құжаттардың талапқа сай дайындалмауы, немесе кейбір анықтамалардың күшіне енген уақытының өтіп кетуі де сот шешімдерінің жедел орындалуына тосқауыл қояды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері де атқарушылық құжаттарды орындаудағы келелі мәселе. Тәжірибеде борышкердің жеке сот орындаушысымен мәселені «өзара шешіп», соңғысы сот шешімін орындауды кешіктіретін немесе орындамайтын жағдайлар кездеседі. Сондай-ақ сот орындаушыларының жетіспеушілігі және олардың шамадан тыс жүктемесінің болуы да сапаға теріс әсерін тигізуде. Себебі бүгінде бір сот орындаушы бір мезетте жүздеген іспен жұмыс істейді, бұл жұмыс сапасын төмендетері талассыз.

Ең бастысы, біздің қоғамда әлі күнге дейін сот актілеріне құрметпен қарау, атқарушылық құжаттарды дер кезінде өз еркімен орындауға деген жауаптылық аз болып отыр. Мұндай ерікті орындалатын атқарушылық құжаттар шамамен 15-20 пайызды құрайды. Қалғандарында міндетті түрде сот шешімін орындамаудың салдарын түсіндіру маңызды. Мұндай түсіндіруге де құлақ салмағандарға амалсыздан мәжбүрлеп орындау механизмдері қолданылады. Олардың қатарында ескерту, айыппұл салу, мүлкіне шектеу қою, есепшоттарын бұғаттау, шетелге шығуына тыйым салу секілді мәжбүрлеу тетіктері бар. Борышкерлер мұндай шараларға да атүсті қараған жағдайда әкімшілік, одан кейін қылмыстық жауаптылық белгіленеді.

Сот шешімдерін орындауды реттейтін негізгі нормативтік актілер: ҚР Конституциясы, Азаматтық процесстік кодексі, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі және Қылмыстық кодексі. Сот шешімдерін орындау тиімді әділеттілік пен сот жүйесіне деген сенімнің негізі болып табылады. Қазақстанда сот шешімдерін орындау ашықтықты, есеп берушілікті және атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған терең реформаларды қажет етеді. Тек жүйелі тәсілмен ғана іс жүзінде әділеттілік пен заңның сақталуына қол жеткізуге болады.

## ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Зиялы адамдар зиялы қоғамды жасақтайды. Зиялы мемлекет ұлттық бірегейліктің нәтижесі ғана. Оған жету білімнен қатар тәртіп пен заң әділ, халқы кемел елдің үлесіндегі игілік. Заң салтанат құратын елдер қашанда әлемдік прогрестің алдында жүреді. Оны жасақтайтын – азаматтық қоғам. Ал азаматтық қоғам қажеттілігі үшін ең алдымен қызмет ететін құрал – заңнама.

## ЗИЯЛЫЛЫҚ ПЕН ЗАҢ



Заң саласында қоғамның сұранысын қанағаттандыратын кемелдік принципіне жету үшін сол саланың білікті мамандарының потенциалы мен білімі ортаймауы шарт. Осы жолда мемлекет мүддесіне сай ықпалдастық жасалуы үшін ғылыми тұрғыда тұжырымдалған концепциялардың қоғам игілігіне қызмет етуі кезек күттірмейді.

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық пен Қазақстандағы Ұлттық кітап күніне орай Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Заң мен тәртіп – қоғам тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиын арнайы әзірленген репортаждан басталып, аталмыш шараның өзегін айқындауға жол ашты. Алғаш болып сөз алған Ақтөбе қалалық Прокуратурасының бөлім прокуроры Төлеуқызы Гүлімай заңнамалық актілерге тоқталып, олардың маңызы мен орындалу тәртібін баяндады. Арнайы дайындалған еңгелен ойын форматындағы түсіндірме жұмысы арқылы, заңның бөлімдеріне кітапхана оқырмандарын жұмылдырып, өз тезисін кең көлемде өрбіте білді.

Екінші болып мінбеге Жазушылар одағының мүшесі Назарбек Нұрмағанбетов шығып, заң саласындағы 40 жылдық еңбек тәжірибесінде кездескен қос оқиғамен бөлісті. Заңның қалай орындалғанын, өзінің ғұмыр кезеңінде практика жүзінде ұшырасқан сәттердің жұмбағы мен шешімін оқырман назарына қалдырып, рухани байлық пен материалдық игіліктің ара-жігін тұнық ойлармен ажыратып, дәлелді пікір арқылы жеткізе білді.

Ақтөбе облысы мәслихатының депутаты,

Ауған соғысы ардагерлері орталық кеңесінің төрағасы Марат Қойлыбаев сөзінде қоғамда кездескен мәселелердің заңнамалық мәніне тоқталып, әр азамат елдің қамқоры, заңды сақтаушысы болуы шарт екеніне тоқталды. Ұлттық кітап күніне орай кітапхана ұжымы мен оқырмандарын құттықтап, сөздің қадір-қасиетін, ұлттың бойындағы бірегейлік тұтастығының ролін әңгімелеп берді. «Үркер» шығармашылық орта жастары «Кітап – білім, заң – тәртіп» мазмұнын назарға алып, өз арнауларын оқып, поэзиялық сарымен өрнек жасай алды. Ақтөбе облысы әділет департаментінің бөлім басшысы Тимур Убишев құндылықтар мәселесіне тоқталып, заң үстемдік құрған қоғамның, білімге бағыт алған жастардың қолынан сипат алатын жоба екендігін айтты.

Шара соңында Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Сұлшаш Хақимова өз пікірімен бөлісіп, барлық баяндамашыға алғысын білдірді. Жиналған кітапхана оқырмандарына зиялылық пен зияткерлік негізі кітаптан бастау алатынын, оны қолға ұстап оқуға уақыт тапқан әр адамның болашағы жарыққа ұласуы заңды боларын үндеп, кітап оқуға шақырды. Расында тәрбиелі білім, заң аясындағы тәртіпке негізделген қоғамда зиялылық қолжетімді дүние.

Берік НҰРМҰХАМЕДОВ,  
Сақтаған Бәйішев атындағы  
Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми  
кітапханасының қызметкері

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Елдің тұрақтылығын қамтамасыз етіп өркениетті қоғам құруда заңның іс жүзінде орындалуына мән берілуі аса маңызды. Телісі мен төңігін тезге салып, тәртіпке салу құқық қорғау органдарымен қоса тұтас қоғамнан да аса үлкен жауапкершілікті талап ететіні сөзсіз. Бұл орайда Түркістан облысында құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан көшенді жұмыстар соңғы жылдары жаңа мазмұнмен толығып келеді. Бұл өз кезегінде оң нәтижелерін беріп отырғанын да атап өткен жөн.

## ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



Өңірде қалыптасқан құқық бұзушылыққа «Нөлдік төзімділік» қағидаты, «Заң және тәртіп» топтас-тырылған нарративі және «Қауіпсіз қоғам» жобасы өзара сабақтасып, мемлекеттік саясаттың жүйелі жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тек құқық бұзушылықтың алдын алумен ғана шектелмей, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, құқық қорғау органдарына деген сенімді күшейту және қоғамда заңға құрмет қағидатын орнықтыруға мүмкіндік берген...

Биыл тәртіп сақшылары аймақтың тазалығына баса мән берген. Оған дәлел Түркістан облысында жыл басынан бері қоғамдық орындарды лас-тауға қатысты 400-ден астам құқық бұзушылық фактісінің анықталып, жолы кесілген. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы 405 дерек тіркеліп, құқық бұзушыларға заң аясында тиісті шаралар қолданылған. Бұл көрсеткіштер тек құқық бұзушылықтың санын ғана емес, бақылау тетіктерінің тиімділігін де айқындай түскен.

Бір қарағанда қарапайым ғана оқиға болып көрінуі де әбден мүмкін. Дегенмен, заманауи құрылғылардың көмегімен күнделікті тұрмыста аса мән берілмей келген келеңсіздіктердің алдын алып, бұл халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал еткен. Атап айтқанда, Түркістан қаласында тіркелген жағдайлардың бірінде жүк көлігі арқылы құрылыс қалдықтарын белгіленбеген жерге төгу фактісі бейнекамера арқылы анықталып, құқық бұзушы жауапкершілікке тартылған. Мұндай мысалдар құқық қорғау органдарының жедел әрекет ету қабілеті мен цифрлық технологиялардың мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тәжірибе қоғамда экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға да оң ықпал ететіні рас.

Сарапшылардың пікірінше, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету тек әкімшілік шаралармен шектелмеуі тиіс. Өйткені, құқықтық сананы қалыптастыру – ұзақ мерзімді әрі кешенді үдеріс. Осы тұрғыда Түркістан облысында профилактикалық жұмыстардың түрлі форматта жүргізілуі назар аударарлық. Соның бірі – «Анти-фрод» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы аясында ұйымдастырылған имамдармен кездесу.

Бүгінгі қоғамда ғаламтор арқылы түрлі алаяқтық ұрпақтың санасын жаулап түрлі китүркі қылмыстардың

пайда болуы кері әсерін тигізіп келеді. Сондықтан бұл бағытта да аймақта шаралар жиі ұйымдастырылады. Солардың бірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы республикалық Ислам біліктілікті арттыру институтында өтіп, жыныға 50-ге жуық имам қатысып, киберқылмыстың алдын алу мәселелері талқыланды. Полиция қызметкерлері интернет-алаяқтықтың негізгі түрлері мен схемаларын түсіндіріп, күдікті қоныраулар мен хабарламаларға сақтықпен қарау қажеттігін жеткізді. Бұл бастама – құқық қорғау органдарының қоғаммен әріптестік байланыс



орнатуға бағытталған маңызды қадам болары сөзсіз.

– Дін өкілдерінің қатысуы профилактикалық жұмыстың ауқымын кеңейтіп, ақпараттың халыққа терең әрі сенімді жетуіне мүмкіндік бермек. Өйткені имамдар – қоғамдағы беделді тұлғалардың бірі. Олардың құқықтық түсіндіру жұмыстарына қатысуы азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруда тиімді құрал ретінде бағаланады, – дейді Түркістан облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінен.

Жастармен жүргізілген жұмыстар да өңірдегі құқықтық саясаттың маңызды бағыты болып отыр. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен іргелі кездесуде 600-ден астам студентке құқықтық және тәрбиелік мазмұндағы тың ақпарат берілді. Шара барысында құқық бұзушылық, буллинг және есірткі қылмысының салдары нақты мысалдар арқылы түсіндіріліп, «Кітап бетбелгілері емес» және «Бұзақы» фильмдері көрсетілді.

Кездесуге қатысқан мамандар жастар арасында құқықтық сананы қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Түркістан облысы прокуратурасының өкілі, полиция қызметкерлері және қоғам белсенділері

жас буынға дұрыс өмірлік бағыт таңдаудың қоғам қауіпсіздігі үшін шешуші мәнге ие екенін атап өтті. Бұл ретте профилактикалық жұмыстардың тек ақпарат берумен шектелмей, тәрбиелік мазмұнмен ұштасуы оң нәтиже беріп отырғаны байқалады.

– Жастар болашақ өмірінің тамырына балта шаппауы үшін дер кезінде тиісті мәлімет беріп, құқықтық тұрғы-

да сауаттандыру аса маңызды. Әсіресе, нашақорлықтың, маскүнемдік, құмар ойындар сияқты аса кең таралып жатқан келеңсіздіктердің алдын алу тұтас қоғамнан зор жауапкершілікті қажет етеді. Бұл орайда өзара бірлесіп әрекет етудің пайдасы мол, – деп атап өтті Түркістан облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының өкілі Марат Бимаханов.

Сараптамалық тұрғыдан алғанда, Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан шаралар бірнеше маңызды бағытты қамтиды. Біріншіден, құқық

бұзушылықтың алдын алу мен жедел анықтау жүйесі жетілдірілген. Екіншіден, қоғамның түрлі топтарымен – дін қызметкерлерімен, жастармен, жалпы тұрғындармен – мақсатты жұмыс жүргізілуде. Үшіншіден, цифрлық технологиялар мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қатар қолданылып отыр.

Бұл тәсілдер құқық қорғау органдарының қызметіне деген сенімді арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Азаматтардың қауіпсіздікке деген сұранысы артқан сайын, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен тиімділігі де маңызды факторға айналады. Түркістан облысында атқарылып жатқан жұмыстар осы талаптарға жауап береді.

Өңірде қалыптасқан құқықтық тәртіпті нығайту тәжірибесі мемлекеттік саясаттың тиімді іске асырылып жатқанын айғақтай түседі. «Нөлдік төзімділік» қағидаты, «Заң және тәртіп» нарративі және «Қауіпсіз қоғам» жобасы өзара үйлесім тауып, қоғамда заңға құрмет пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға негіз болып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жалғасуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсер ететіні сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

## ЭВТАНАЗИЯ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕ, ҚАТЫГЕЗДІК ПЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, қоғам қауіпсіздігі – басты фактор. Сондықтан жергілікті билікке өкілеттік беру дұрыс шешім. Әр өңір өзінің нақты жағдайына қарай тиімді модель таңдауы керек. Сондықтан бұл түзетулер екі маңызды мәселенің – жануарларды қорғау мен қоғамдық қауіпсіздіктің – арасында теңгерім табуға жасалған қадам. Осыған орай Сенат спикері Мәулен Әшімбаев:

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясы аясында үй жануарлары иелерінің жауапкершілігін арттыру мәселесін де назарға алуды тапсырды. Өйткені иелері тарапынан үй жануарына дұрыс қарамау, оларды қалдырып кету, қорлау сияқты бұзушылықтар болып жататыны жасырын емес. Сондықтан Мемлекет басшысы осы мәселеде азаматтардың жауапкершілігін арттыруға қатысты нақты міндеттер жүктелді. Осыған байланысты тиісті органдар жағдайды жан-жақты пысықтап, халықаралық тәжірибені зерделеп, өңірлердегі ахуалды ескеріп, депутаттармен кеңесіп отырып, бұл бағытта нақты ұсыныстар даярлайды деп сенеміз», – деді.

Сенат отырысында сондай-ақ мемлекеттік қызмет туралы заң мен оған ілесіп түзетулер мақұлданды. Бұл құжаттар мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға, кәсіби кадр тапшылығын азайтуға және азаматтардың мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға бағытталған. Жаңа нормалар мемлекеттік қызметке іріктеу тетіктерін жетілдіруді, әлеуметтік кепілдіктерді күшейтуді және цифрландыру деңгейін арттыруды көздейді. Бұл – басқару мәдениетін жаңғырту жолындағы кезекті қадам.

Отырыста сонымен қатар депутаттық сауалдар арқылы да қоғамдағы өзекті мәселелер көтерілді. Солар-

дың бірі бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына қатысты болды. Құрылыс саласында жобаның құнын қолдан өсіру фактілері бар. Алайда оларды сотта дәлелдеу іс жүзінде мүмкін емес екен. Бұл жағдайға өзінің депутаттық сауалында сенатор Жанна Асанова назар аудартты. Мәселе жобалық-сметалық құжаттамаға қатысты. Нақты шығындар дәл осы құжаттарда қалыптасып жатыр. Алайда күмән туындаған жағдайда, олардың негізділігін қолданыстағы заңнама аясында тексеру іс жүзінде мүмкін болмай отыр. Асанова ханымның айтуынша, бұған себеп жүйеде сараптамалық қорытындыларды қайта тексере алатын тәуелсіз органның жоқтығы. Мемлекеттік сараптама нормаларға сәйкестігін ғана тексергенімен құнның негізсіз өсірілуін анықтамайды. Ал, жеке сараптамалық ұйымдардың жауапкершілігі жеткіліксіз. Сот сараптамасы болса жобалық құжаттаманың өзін және оған берілген қорытындылардың заңдылығын жеке талдауды қарастырмайды. Соның салдарынан, заңбұзушылық белгілері айқын болған жағдайдың өзінде құқықтық тұрғыдан бағаланбай қалуы мүмкін.

Мәселен, бір жағдайда жобаның құны түзетумен кейін 700 миллион теңгеден астам сомаға артқан, алайда оны ресми түрде заңбұзушылық деп тану мүмкін болмапты. Себебі қолданыстағы заңнамада мұндай жағдайларды бағалауға арналған нақты тетік жоқ. Осы жайлы айта келіп, сенатор сараптамалық қорытындыларды және шығындардың негізділігін тексеруге мүмкіндік беретін сот сараптамасының жаңа түрін енгізуді ұсынды. Бұл шара аталған жағдайларға толыққанды құқықтық баға беруге жол ашпақ.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

Өңір

### Әкім тұрғындарды қабылдады

Абай облысының әкімі Берік Уәли азаматтарды қабылдау орталығында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға тиісті облыстық басқарма басшылары, Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев, «Отбасы банкінің» өкілдері қатысты.

Жеке қабылдау барысында тұрғындар жер телімдерін рәсімдеуге, тарихи-әдеби мұраларды насихаттауға байланысты мәселелерді көтерді. Абай кітапханасының директоры Мерей Қарт өңірдің руханиятына, кітап оқу мәдениетіне қатысты ұсыныс-пікірлерін айтты.

Аймақ басшысы қабылдауда азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдап, түйткілді мәселелерді шешу жолдарын заңдық тұрғыда түсіндіріп, тиісті басқарма басшыларына, қала әкіміне нақты тапсырмалар берді. Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен көтерген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын, жеке бақылауында ұстайтынын айтты.

Абай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖАСЫЛ ЕЛ



### Экологиялық акция жалғасып жатыр

Орал қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында 1000 түп ағаш көшеті отырғызылды. Игілікті шараға Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, қоғам белсенділері, ардагерлер мен жастар атсалысты.

Жиналғандар алдымен Шаған өзенінің жағалауын тазалап, абаттандырды. 500-ден астам адам қатысқан акцияда қарағай, үйеңкі, сүмбіл терек, шаған ағаштарының көшеттері отырғызылды.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өңірде кең көлемде жүзеге асырылып жатқанын айтып, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен табиғатты аялаудың мемлекеттік маңызына тоқталды. Акция өңір аудандарында да ұйымдастырылды. 120 мың адам белгіленген аумақтарды көң-қоқыстан арылттып, тал-теректер отырғызды.

Батыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі

**ЦИФРЛАНДЫРУ**

Сот саласы заманауи жаңашылдықтардың бастамашысы ретінде елге жақсы таныс. Әсіресе сот тарапынан атқарылатын қызметтерді автоматтандырып, жаңа технология жетістіктерін енгізу бойынша салада үлкен ізденістер жүргізілгенінен халық жан-жақты хабардар. Бүгінде өзінің оң нәтижесін беріп, сот жұмысын жеделдетуге, жеңілдетуге, жүктемені төмендетуге серпін берген жаңашылдықтарға қоғамның сұранысы, азаматтардың талап-тілегі түрткі болған еді.

## ЖИ ЖӘНЕ БҮГІНГІ СОТ ЖҮЙЕСІ

Соның біріншісі – сотқа талап арыз берудің қиындығы, түрлі құжаттар жинап, анықтама алар алып, сотқа өткізудегі кезектің көптігі азаматтар тарапынан жиі сыналатын. Ол күндердің бәрі қазір келмеске кетті.

«Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің дайындалып, қолданғысқа енгізілуінің арқасында халыққа енді кезек күтудің де, құжат жинаудың да, анықтама алуудың да қажеті жоқ. Осы қызметтердің барлығын «Сот кабинеті» сервисінен бір сәтте, жедел, сапалы, оңай алуға болады. Әрі тұрғындар үйінде, кеңсесінде отырып-ақ сотқа талап арызын жолдап, өзі қажет еткен құжаттарға қашықтан сұраныс беріп, жылдам қолжеткізеді. «Сот кабинеті» мобильді қосымшасын қолданушылардың біртіндеп өсуі сервисінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, қызмет түрлерін көбейтуге жол ашты.

Заманауи технология сот отырысы хатшыларының, сот қызметкерлерінің жұмысына да оң әсерін тигізді. Айталық сот отырысының хатшылары бұрын сот отырысына қатысушыларға хабарламаны пошта арқылы хатпен жолдайтын. Хаттың тиісті адамның қолына тиген-тимегенін білу қиын еді. Ал қазір қатысушылардың ұялы телефонна, электрондық поштасына хабарлама қалдыру оңай әрі сенімді. Әрі қазіргі хатшылар сот хаттамасын дайындауға да бұрынғыдай көп уақыт кетірмейді. Республикадағы барлық сот отырысы залдары дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталғандықтан, енді бүкіл сот процесінің барысын жазудың қажеті жоқ. Сот хатшылары істің мән-жайын, кімдердің қатысқанын, не айтқанын ықшамдап берсе жеткілікті. Сот отырысын қайта зерделегісі келген азаматтар хаттаманың көмегімен ақ таспады сұратып, оны қайтадан тыңдай алады.

Бұл жаңашылдық сот жұмысына, судьялар қызметіне, сот хатшыларының әрекетіне байланысты негізсіз арыз-шағым жазатындарға да тегеурінді тосқауыл қойды. Дыбыс-бейне жазбалар толық сақталатындықтан, судьялар мен сот қызметкерлері таспадағы жазбаға сүйене отырып өз іс-әрекетінің заңдылығын оңай дәлелдей алады. Міне, заманауи технологияның бұл да бір жақсы қыры.

Бүгінде сот өндірісі толығымен электронды жүйеге көшті. Сәйкесінше әрбір судья өз шешімін электронды түрде рәсімдеп, IT-бағдарлама өз материалын түскен сәттен бастап көруге мүмкіндік береді. Бұл не үшін керек? Мұндай өзгеріс соттағы процессуалдық мерзімнің



сақталуын, сот жүктемесін, істің санатын анықтап, кемшіліктерді болдырмау үшін қажет.

Сот өндірісін роботтандыру бойынша қолға алынған жобалардың да алдағы уақытта жақсы нәтиже берері күмән тудырмайды. Қазірдің өзінде робот судьялар белгілі бір істер бойынша сот актілерінің жобаларын дайындауға көмектеседі. Ол шешім қабылдаудың нақты алгоритмдерінің негізінде жұмыс істейді. Бір-бірімен өзара байланысқан тиісті деректер базалары болған жағдайда, робот-судья бұл жұмысты тез әрі мінсіз атқарып шығады. Дегенмен шешімге қол қою жауапкершілігі бәрібір судьяның өзінде болады. Конституциялық талаптар бұзылмайды. Техникалық қателіктерді судьялар өздері түзей алады. Яғни, осы жағдайдан көріп тұрғанымыздай ешқандай заманауи технология, робот-көмекші судьяны алмастыра алмайды.

Негізгі робот судьяның жұмысын жетілдіру кезек күттірмейді. Себебі сот қарауынсыз шешілетін даусыз материалдардың саны жылдан жылға өсуде. Егер осы істерді толық роботтандыруға қолжеткізілген жағдайда сот жүктемесі айтарлықтай азайып, судьяларды күнделікті қыруар істен босатуға, жіберілетін сот қателіктерін барынша азайтуға мүмкіндік туары талассыз.

Жасанды интеллектті енгізудің де сот жұмысын жандандыруда септігі мол. Сот саласында жасанды интеллектті қолдану сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын арттырады. Жасанды интеллект – процеске қатысушылардың құқығын тиімді қорғаудағы және сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз ету жолындағы пәрменді құрал. Жоғарғы Сот жасанды интеллект көмегімен сот жұмысын автоматтандыру арқылы сот өндірісін тездетуді, адами факторға қатысты қателіктерді жоюды мақсат етіп отыр. Бұл жұмыстардың қаншалықты тиімді екеніне алдағы уақытта нақты көз жеткізеріміз анық.

**Әлия БАЙБАТІРОВА,**  
Алматы қаласы  
мамандандырылған ауданаралық  
тергеу соты әкімшісінің басшысы

**АЙМАҚ**

## МАҢҒЫСТАУ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА: ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАҒЫ СОНЫ СЕРПІН

Маңғыстау өңіріндегі инфрақұрылымдық жаңғырту мүддерістері соңғы жылдары жүйелі сипат алып келеді. Әсіресе, халық санының өсуі мен урбанизация қарқыны коммуналдық қызметтерге түсетін жүктемені арттырып, су, жылу, электр және жол инфрақұрылымын жаңарту мәселесін күн тәртібіне шығарып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Жаңаөзен мен Ақтау қалаларында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар өңірлік дамудың нақты көрінісіне айналып келеді.

Аймақта коммуналдық салада күрмеуі қиын, күрделі мәселелер жетерлік. Дегенмен, жергілікті атқарушы органдардың тегеурінді әрекетінің арқасында бірқатары кезең-кезеңімен шешімін тапқан. Күні кеше Жаңаөзен қаласында коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағытында бірқатар өзекті мәселелер қаралып, тиісті тұлғаларға нақты міндеттер жүктелді. Қала әкімінің міндетін атқарушы Мақсат Мұқаш «ӨзенИнвест» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қарасты су тазарту ғимаратының және өзге де коммуналдық нысандардың жұмысымен танысу барысында саладағы негізгі түйткілдер мен мүмкіндіктерге назар аударды.

сеткіш жүйедегі шығындардың артуына және апаттық жағдайлардың жиілеуіне себеп болуы мүмкін. Демек, тек жаңа нысандар салу емес, қолданыстағы желілерді кезең-кезеңімен жаңарту да стратегиялық міндеттердің бірі. Кәріз суын тазарту саласында да күрделі ахуал қалыптасқан. 2014 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан тазарту ғимараты тәулігіне 12 750 текше метр суды өңдеуге қауқарлы. Алайда қала аумағының кеңеюі мен өндірістік және тұрмыстық ағын сулар көлемінің ұлғаюы бұл қуаттың жеткіліксіз екенін көрсетіп берген. Қуаты дәл осындай қосымша нысан салу қажеттілігі бұрыннан айтылып келе жатқанымен, қаржы тапшылығы-

Мұндай қаражат желінің шамамен 40 пайызын жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде энергиямен қамту сапасын жақсартып, апаттық жағдайлардың алдын алуға ықпал етпек.

Ал Ақтау қаласында көлік инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жұмыстар қарқын алуда. Ауа райының қолайлы болуына байланысты ойлы-шұңқырлы жолдарды жөндеу науқаны басталып, биыл жалпы көлемі 15 мың шаршы метр жол жабынын қалпына келтіру жоспарланған. Бұл – қала көшелерінің қауіпсіздігі мен қолайлылығын арттыруға бағытталған нақты шара болмақ.

Сонымен қатар, сапасыз деп танылған жол учаскелерін қайта жөндеу мәселесі де назардан тыс қалмаған. 2025 жылы төселгенімен, талапқа сай келмеген асфальт жабыны мердігер мекемелердің өз қаражаты есебінен қалпына келтірілетін болады. Бұл тәжірибе жауапкершілікті күшейтіп, құрылыс сапасын арттыруға ықпал ететіні анық.

Құзырлы органдардың ұсынған мәліметіне жүгінсек, жалпы алғанда Ақтау қаласындағы жол желісінің



едәуір бөлігі ескірген. Атап айтқанда, 150 шақырым автомобиль жолы 2015 жылға дейін салынып, содан бері күрделі жөндеуден өтпеген. Ал 67 шақырым жол кейінгі жылдары салынғанымен, тек орташа жөндеумен қамтылған. Соңғы үш жылда бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіле бастаған. Мәселен, 2024 жылы 5 шақырым жол жабыны қалпына келтірілсе, бытыр 2 шақырым жол жөнделіп, 2026 жылы шамамен 6 шақырым жолды жаңарту жоспарланып отыр.

Жалпы, Маңғыстау облысындағы инфрақұрылымдық жобалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Су, жылу, электр және жол жүйелерін жаңғырту тек инженерлік мәселе ғана емес, халықтың өмір сапасын арттыруға, инвестициялық тартымдылықты күшейтуге және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді саясаттың көрінісі.

Осы тұрғыдан алғанда, Жаңаөзен мен Ақтау қалаларында қолға алынған келелі жұмыстар өңірлік деңгейдегі өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге бағытталғанын айғақтап отыр. Дегенмен, қаржыландыру тапшылығы, желілердің жоғары деңгейдегі тозуы және халық санының өсуі секілді факторлар бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыруды талап етеді. Сондықтан алдағы кезеңде мемлекеттік қолдау мен тиімді жоспарлау тетіктерін ұштастыру арқылы инфрақұрылымдық жаңғыртуды жаңа деңгейге көтеру – уақыт талабына айналып отыр. Жергілікті басқару органдары бұл бағыттағы жұмыстарды ұдайы түрде жалғастырмақ ниетте.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**ОҢ ҚАДАМ**

Кәсіпкерлік кодексіне еліміздегі Көлеуметтік кәсіпкерлікті реттейтін заңнамалық өзгерістердің енгізілгеніне биыл 5 жыл болады. 2022 жылдан бастап қолданысқа енгізілген өлеуметтік кәсіпкерлік жобасы қазіргі таңда қарқынды дамуда. Бұл бағытта еліміздегі ең ірі мегаполис саналатын Алматы қаласы өзге өңірлерге үлгі-өнеге болып отыр.

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметі бойынша, Өлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген кәсіпкерлер саны алғашқы тоқсанда 160-қа жуықтады. Оларға 2022 жылдан бері тізілімге енгізу бойынша 535 өтінім келіп түскен. Алайда

## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІктің ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

оның 155-і ғана мақұлданып отыр. Өйткені әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне еніп, әлеуметтік кәсіпорын мәртебесіне ие болған жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешеді. Яғни, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жұмыс орындарын ашады. Оларға арналған өнім шығарады немесе тұлға сала бойынша қоғамдық пайдалы қызметтер көрсетеді.

Өлеуметтік кәсіпкерлік мәртебесі оларға әрқилы мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануға мүмкіндік береді. Оның ішінде 5 млн теңгеге дейінгі гранттар, жеңілдетілген шартпен үй-жай беру, сондай-ақ, даму институттары арқылы жеңілдетілген несиелеу тетіктері бар. Мәселен, Алматы қаласындағы өлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері білім беру, денсаулық сақтау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, экология және басқа да салаларда жұмыс

істеп келе жатыр. Оларға коммерциялық нысандар «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ресми сайтында жарияланатын ашық байқау арқылы ұсынылады. Онда инклюзия, денсаулық сақтау және білім беру бағытындағы жобаларға басымдық беріледі. Жалдау шарты үш жылға дейінгі мерзімге, ұзарту мүмкіндігімен және сатып алу құқығынсыз сенімделеді. Сонымен қатар, үш айға дейін жалдау ақысы алынбайтын жеңілдік кезеңі қарастырылған.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының есебі бойынша, жеңілдетілген шартпен үй-жай беру тетігі аясында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған бейімдеу және оңалту орталықтары ашылып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға логопедиялық, дефектологиялық, сенсорлық және нейрпсихологиялық бағыттағы

сабақтар ұйымдастырылды. Сонымен қатар әйелдерге, жасөспірімдерге және зейнет жасындағы азаматтарға арналған түрлі шығармашылық шеберханалар мен үйірмелер ашылды.

Жалпы, мұндай мемлекеттік қолдау шаралары аясында Алматыда 81 кәсіпкерге 369 млн теңге көлемінде грант берілген. 36 кәсіпкерге айына 1 шаршы метр үшін 0,1 АЕК көлемінде жеңілдетілген жалдау негізінде үй-жай ұсынылды. Екі кәсіпкер «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несиені алды. Қалада өлеуметтік кәсіпкерлік аясында 307 жаңа жұмыс орны құрылған. Өлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру барысында тек 2025 жылдың өзінде қала бюджетіне 385 млн теңге көлемінде салық төледі.

Ұлттық экономика министрлігі таратқан мәліметке қарағанда кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген жеке және заңды тұлғалардың саны бытыр 1431 болған. Биыл бірінші тоқсанда оның саны – 1577-ге жетті. Яғни, оның 144-і жаңа қатысушылар болып отыр.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯСЫ

# ДЕТЕКТИВ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛАДЫ?

Классикалық детектив жанрының дамуы XIX ғасырдағы Америкалық жазушы Эдгар Аллан По (1809-1894) есімімен тікелей байланысты. Бұдан 160 жыл бұрын қаламгердің «Морг көшесіндегі өлім» шығармасы бұл жанрдың бағын ашты. Уақыт өте келе осы жанрға оқырмандардың ықыласын байқасаң көрнекті жазушылар Артур Конан Дойл, Агата Кристи, Джеймс Хедли Чейз, Чарльз Диккенстер өз шығармаларымен детективті одан өрі дамытты.

Әлем әдебиетшілері зерделеп қарағанда, детектив жазу тәсілі Эдгар По заманынан бері аса қатты өзгеріске ұшырай қоймаған. Бас кейіпкерлер де өз ортасында қылмыс жасаған, ағаштың қисық, қыңыр бұтағындай адам өміріне қастандық жасаушыларды жазбай танып, іздестіру әдістерін жетілдіріп, қылмыстың ізіне түсіп отырған. Оқиғалардың сюжеттік жағынан ұқсастығына қарамастан, детектив кітаптарға сұраныс бір сәт те толастамағаны байқалады.

Бұған дәлел Эдгар Поның Огюст Дюпенінен басталып, Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон, Эркюль Пуаро, мисс Марпл, комиссар Мегрэ, Ниро Вульфтармен жалғасқан қылмысты әшекерлеушілер образы миллиондаған оқырманның жүрегін жаулап, детектив әлемдегі ең көп оқылатын, ең көп пайда әкелетін бизнес көзіне айналды.

Ағылшын жазушысы Артур Конан Дойл шытырман оқиғалы кітаптар жазудан әбден жүйкесі тозып, бас кейіпкері Шерлок Холмсты өлтіріп тынғанда, халық наразы болып, көшеге шығады. Амалы құрған қаламгер Холмсты қайта тірілтіп, оқырмандарын тыныштыңдыруға мәжбүр болады.

Бір көңіл аударарлық жәй, әлемнің ұлы суреткерлері Сервантес, Бальзак, Мопсан, Флобер мен Толстойның романдары да дәл детектив туындыларындай жаппай сұранысқа ие бола алмаған. Және де бір таңқаларлығы, осы жанр жазушылары өнімді жазудан алдына жан салмаған. Мысалға, Агата Кристи тек қана Эркюль Пуароның бағын ашқан 33 романдан бөлек, 55 әңгіме жазған. Жорж Сименон комиссарға арналған 76 роман, 30-ға тарта әңгіме жазып үлгерген.

Әлем әдебиетінен ойып орын алып, оқырмандарын таң қалдырған осы жанрдың біздің әдебиетіміздегі даму сатысына көз жүгіртсек, Қалмұқан Исаевтың «Ажал құрсауында», Кемел Тоқасовтың «Түнде атылған оқ» шығармаларын ғана ауыз толтырып айта аламыз. Ал, тәуелсіздік алған жылдардан кейін осы жанрдың бағы жанбай, баяулап қалғанына не себеп деген сауалға жауап іздейік...

Керісінше, мына тұрған Ресейдің жазушылары жауыннан кейінгі қаулап өсетін көктей детектив жанрын гүлдендіріп жіберді. Бизнес көзіне айналдырды. Олар шығарған детективтер біздің нарықты жаулап алды. Сонда біздің қатарымызда осы жанрды жазатын қаламгерлердің болмағаны ма?! Жасыратыны жоқ, бұл сауалға біз мән беріп те жатпағандаймыз. Біз әлі де болса өткен ғасыр жазушыларының еңбегін зерттеумен, насихаттаумен, есімдерін ұлағаттаумен уақыт ұттырып жүргенімізді де аңғармайтын тәріздіміз.

Соңғы жылдары осы жанрдың дамуына үлес қосып, бірқатар кітабымыз оқырман назарына ұсынып үлгерген детектив жазушысы ретінде, кейінгі лекке керегі болар деген ниетпен шығармашылық жолыма шолу жасаймын.

Менің бұл жанрға келуімнің өзіндік тарихы бар. Сол тұста редакциядан кетіп, прокуратурада аудармашы болып кезік жазайтынмын.

Ескі қалада Ломоносов атындағы кітапхананың қасында кітап дүкені бар. Жұмыстан қайтар жолда соған бір кіріп шығам. Дүкеннің кіре берісіндегі сөреге мұқабалары көздің жауын алатын шет елдің, Ресейдің детектив кітаптарын жайып қояды. Бір топ бала тамашалап тұрды. Мен де қастарына бардым.

– Ту... қандай керемет, қазақша болса алар едім, – деді бірі. Екіншісі: «Қазақша жоқ қой, біздікілер неге осындай кітаптар жазбайды екен?» деді сұраулы жүзбен.

Шынында да, балаларға арналған осындай қызықты кітаптар болса, оқыр

*Детектив жанрын жазуда көптеген басы ашылмаған мәселелер бар. Соның бірі – тілдік ерекшеліктер. Детектив көркем шығармаға жата ма? Стилі қандай болуы керек? Менің ойымша, детектив, әрине, көркем шығарма. Ал тіл мәселесінде әдеби туындылардан айырмашылығы бар. Әдеби тіл мен ресми тілдің аралығындағы қарапайымға қайымдау тіл десем, дұрыс болар. Енді детективтің тілі романтизмді суреттеуге келіңкіремейтіндей болып көрінеді.*

еді. «Соқыр көргенінен таңбас» дегендей Қаңбақ шалдың айналасынан шыға алмай жүрміз деп қапаландым да, сол бойы Ресей жазушыларының балаларға арналған детектив кітаптарын сатып алдым. Ең болмаса, қазақшаға аударып, балаларға ұсыну керек деген мақсатпен Устиновтың, Кузнецованың бірнеше кітабын аудардым. Өкінішке қарай, ол кезде шығару жолын таба алмадым. Біріншіден, автордан аударма үшін рұқсат алуым керек екен. Екіншіден, демеушісіз бастыру мүмкін емес. Солай салым суға кетіп жүргенде жолдасым «Бұл не бейнет, онан да өзін жазбайсың ба? Солардан қай жерің кем?» деп қамшылады. Сол сөз себеп болып, ізденісті бастап кеттім.

Қалада коммерциялық газеттер бар. Соның бірі «Эврика» апта сайын криминалист деген айдармен бет беріп, түрлі қылмыс туралы ақпаратты тоғытады да жатады. Соңғы санын қолыма алып, оқып отырсам, жалғыз басты қарияны пәтері үшін бопсалап, жындыханаға тығып, үйін сатқан алықтар туралы мақалаға көзім түсті. Сол бойы осының желісінде, балаларға арналған шытырман оқиғалы шығарма жазсам қайтеді деген ой туындады. Сонымен оқиға желісін құрып, жоспар жасап, Айбек, Бану, Кәрім, Аян атты кейіпкерлерімді сайлап алып, жазуды бастадым. Әрине, бұрын газетке мақала, очерк жазып жүрген адамға жазу қиын емес. Қиыны – оқиғаны үйлестіріп, қылмысты ашудың айла-тәсілдерін нанымды етіп, жатық тілмен жеткізе білу. Осылай жарты жылдай еңбектеніп, «АБКА тобы ашқан қылмыс» деп аталатын мектеп оқушыларына арналған алғашқы детектив кітабымыз жазып бітірдім.

Ол тоқсаныншы жылдардың басы болатын. Піскен астың күйігі жаман дегендей, шығарудың жолын іздеп Алматы астым. Бірқатар баспаларға кірдім. Бәрінің сұрайтыны «демеушің бар ма?», «жок» десең, сыпайылап шығарып салады. Сөйтіп, салым суға кетіп келе жатсам, алдымда «Жеті Жарғы» деген жарнама ілулі тұрды. Жазған құлда жазық бар ма, кіріп көрейін деп ішке кірдім. Екінші қабатқа көтеріліп, директордың кабинетін түрттім. Төре отырған әйелдің ұлты қазақ емесі бірден білінді. Тау халықтарына ұқсайды. Амандасып, Ақтөбеден келгенімді, жазған кітабымды шығара алмай жүргенімді айттым.

– Не кітап? – деді.  
– Балаларға арналған детектив, – дегенімде естіп елең етті.  
– Өзіңіздікі ме?  
– Әрине, өзімдікі болмаса, осылай жүрем бе?  
Таң қалғанын байқадым.

– Кім болып жұмыс жасайсыз?  
– Журналистпін.  
– А...аа...солай ма, тастап кетіңіз. Көрейік.  
– Демеушім жоқ, – дедім бірден басын ашып алғым кеп.  
– Кітабыңыз жақсы болса, демеуші табамыз. Әуелі оқып көрелік, ертең соғыңыз. Сенерімді де, сенбесімді



де білмей, шығып кеттім. Сол «Жеті Жарғы» баспасы 2009 жылы менің балаларға арнаған алғашқы детектив кітабымды 2000 данамен шығарып берді. Директордың аты-жөні есімде қалмапты. Сол жолы көргенімде науқас екен. Көп ұзамай қайтыс болды. Кітаптың мың данасын демеуші есебінде өздері сатты. Мың данасы сол тұстағы әкім Сағындықовтың араласуымен, облыс кітапханаларына таратылды. Біреудің біреу не істеп, не қойып жатқанын білуге шамасы келмейтін өліарада жарық көрген кітапқа ең бірінші көңіл аударған – кітапханашылар. Кітап оқырманын тапты. Әр кітапханаға бір данадан келген кітаптың жұлма-жұлмасы шығып, оны жамап жасақандарды көргенде жүрегім ауыратын. Қазақша детективті алғаш көрген балалардың таласып-тармасып, қызығып оқитынына куә болдык.

Солай менің жазушылық өмірім басталғандай болды.

2013 жылы мемлекеттік тапсырыспен «Жазушы» баспасынан шыққан екі романым: «Банкирдің өлімі», «Махаббаттың ажалы». Бұлар менің екінші рет тәуекелге бас қойған жанкешті еңбегімнің айғағы. Біріншіден, біздің әдебиетімізде бұл жанрда тапталған сұрлеу болмағандықтан, тек өзімнің қиялым мен ізденісіме, Еуропа әдебиеттерін көп оқыған зердеме, зерттеулеріме сүйенуіме тура келді.

Алайда, бұл жанр қазақ жазушылары туындыларында мүлдем кездеспейді деп айтсақ, адасқандық болар еді. Әрбір көрнекті қаламгердің шығармасында детективтің детальдары кездеседі. Мысалы С. Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамиті» таза детективтік туынды. Фильмі де түсірілген. Тіпті ғұлама жазушымыз Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақырында» кездесетін детектив штрихтарын соғыс қимылдарынан байқаймыз. Терең философиялық детектив оқып отырғандай әсер аласың. Міне осылай талай жанрмен қосарланып, тайталасып дамып келе жатқан бұл жанрды жоқ деп ауызды ку шөппен сүрту қате. Барымызды базарлай алмай отырған секілдіміз.

Менің жоғарыда айтылған қос романым «Жаңа заман әдебиеті прозасы» сериясымен 2013 жылы «Жазушы» баспасынан 2000 данамен басылды. Ол уақытта қазіргідей қаламақы жоқ. Баспа берген 60 мыңға өз кітабымыз өзін сатып алғаным есімде. Бұл романдардың ерекшелігі, әрине, детектив болғандығында. Сонымен қатар бұрын жазылмаған тақырып – банк пен банк қызметкерлері арасындағы шытырман оқиғаның баяндалуында. Кітап коммер-

циялық бағамен интернет арқылы сатылды. Біз үшін ол да жаңалық. Кейін білдім, сол сатылымның белгілі пайызын автор ретінде мен алуым керек екен. Ол кезде нарықтан хабарымыз жоқ. Кітабымыздың шыққанына мәзбіз.

Осы аталған романның бірі – «Махаббаттың ажалы» оқырмандардың зор сұранысына ие болды. Ондағы шытырман оқиға былай болатын. Нұртас пен Таңгүлі бірін-бірі өлердей сүйетін ғашықтар. Институтта басталған махаббаттарына мас болып жүріп, күтпеген тағдыр сынына тап болады. Олардың ата-анасының бағзы бір жылдары жолдары тоғысып, көңілде болғанының құпиясы ашылып қалады. Нұртастың шешесі Галия мен Таңгүлінің әкесі Бекболдың арасында бала бар екен. Бұл құпияны кенесіде Галиямен кездесіп қалған Сәбира қызына ақтарып, қос ғашықтың қосылуына үзілді-кесілді қарсы шығады. Өзін тірідей жесір, балаларын жетім еткен Галиямен құдағи

арқасында 2021 жылы «Тірі өлік» атты романым, 2022 жылы «Бетперде» атты хикаяттар жинағым «Дәуір» баспасынан жарық көрсе, 2023 жылы балаларға арналған «Көл жағалауындағы көмбе» шытырман оқиғалы шығарма «Балалар әдебиеті» баспасынан 3000 данамен жарыққа шықты. Бұл арада баспалардың кітап безендірудегі шеберліктерінің ерекшелігін айтпай кетпеске болмайды. Кітаптардың заманауи дизайны бір сергітіп тастады.

Ақшасы көп болғанымен, ақшасыздарға қызмет көрсететін банктің өмірі мені қызықтыра беретін. «Махаббаттың құлы» деп аталған детективім де банк қызметкері жас жігіттің өзінің сүйгеніне опасыздық жасап, байлығы үшін банкирдің қызы құрған торға шырмалуды суреттеліп, ол байлықтың құлына айналды. Жүре-бара махаббатсыз дүние бос дегеннің күні туып, сүйген қызына деген опасыздығы өмір бойы мазалап, ақыры өзі түскен тордан құтылудың амалын тауып, өзін өлдіге санатып, шет елдегі сүйгеніне жол тартады. Ал «Бетперде» кітабыма бұрын басылғандарда жарияланып, байқауларға қатысып, оқырманды елең еткізген «Ең әдемі қылмыскер» хикаяты енген еді. Өкінішке қарай, бұл кітап жыл шолуына енбей қалды.

«Тірі өлік» детективі 2023 жылғы әдеби жыл қортындысында талданып, танымал журналист, талантты жазушы Мағира Қожахметованың жылы лебізіне ілікті. Білікті ғалымның өзімді жазушы деп тануы талабымды таудай еткенін жасырмауым керек. Алғысым зор.

Сериялды шығармаларды жариялауда бізде тәжірибе жоқ екен. Менің балаларға, оқырмандарға арнап шығарып жатқан кітаптарым сериялды детективке жатады. Бірақ үйлестіріліп, ретімен шығарылмағандықтан, оқырман үшін белгілі қиындықтар туғызып жатады. Осы мақалама қаламынан шыққан шығармаларымның бірсыпырасына шолу жасадым. Ал оның стильдік жағына, тілдік ерекшеліктері мен жетістіктеріне яки кемшіліктеріне әдебиет зертеушілері көңіл бөліп, баға берер деген ойдам.

Детектив жанрын жазуда көптеген басы ашылмаған мәселелер бар. Соның бірі – тілдік ерекшеліктер. Детектив көркем шығармаға жата ма? Стилі қандай болуы керек? Менің ойымша, детектив, әрине, көркем шығарма. Ал тіл мәселесінде әдеби туындылардан айырмашылығы бар. Әдеби тіл мен ресми тілдің аралығындағы қарапайымға қайымдау тіл десем, дұрыс болар. Енді детективтің тілі романтизмді суреттеуге келіңкіремейтіндей болып көрінеді.

Жалпы осы мәселелер детектив дамуындағы өзекті сауалдардың бірі. Бұл мәселелердің басын ашуға әдебиеттің жілік майын шағып жүрген ғалымдарымыз бен сарапшыларымыздың көмегі, демеуі аздай қажет-ақ.

Соңғы жылдары осы жанрға қатты көңіл бөліп, жыл сайын детектив байқауын өткізіп жүрген «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы башшылығына, «Серта» атты тақырыппен байқау жариялайтын Ішкі істер министрлігіне алғыс айтқым келеді.

Жыл сайын өтетін байқаулар детектив жанрының кәдімгідей дамуына ықпал етіп, қаламдары жаттығып қалған жастарды, қаламгерлерді оқырмандарға танытып жүр. Осы үрдістің Жазушылар одағында да жалғасын тауып, кенжелеп қалған жанрға қамқорлық күшейтілсе екен деген тілегіміз бар.

Жалпы, біз жаңалықты жуық арада қабылдай қоймайтын халықпыз. Біріншіден, жатысынамыз. Екіншіден, бұл өзі қалай болады, біздің менталитетімізге келе ме, келмей ме деп қабырғамызбен кеңесеміз, омыртқамызбен ойласамыз. Өйтпесе, Еуропаның мәдениетіне, әдебиетіне жанталаса еліктеп жатқанымыз да жасырын емес қой. Олай болса, әлемде оқырманы көп жанрды сонша неге жатырқаймыз деген сауал туындайды?! Детектив қылмыс туралы деп үрпия болсақ, қылмыс деген біздің үрпия-гемімізге қарап тұрған жоқ қой?! Оны жазбай жасырып қойсақ, қылмыс азая ма екен?! Әлемдегі әйгілі жазушылар, тіпті Нобель сыйлығының лауреаттары детективті айналып өтпеген. Демек, біз де төл әдебиетіміздің керегесін кеңейтіп, шеберлігін шыңдайтын, оқырмандарымыз қызықтыратын жанр – шытырман оқиғалы шығармалар екенін ескеріп, оны жатысынамызбен керек.

Осы тұрғыда қоғамда болып жатқан түрлі қылмыспен күресуші өзіміздің Шерлок Холмстарымыздың образын сомдап, қылмыспен күресудегі іс-әрекетін ашып, оны оқырманға жеткізіп, сүйіспеншілігіне бөленетіндей кітап жазу – бүгінгі заманауи әдебиетке қойылатын талаптардың бірі болуы керек деп ойлаймын.

БІЛГЕН ЖӨН

Негізсіз баюды қайтару міндеті Азаматтық кодекстің 953-бабының 1-бөлігінде қарастырылған. Кодекстің 953-бабы 2-бөлігінің мағынасына сәйкес, мүлікті негізсіз иелену немесе жинақтау нәтижесінде туындайтын міндеттеме, тіпті мұндай баюдың негізі кейіннен жойылған жағдайда да қолданылады. Негізсіз баю жөбірленушінің, негізсіз баюшының, үшінші тұлғаның әрекеттерінің немесе оқиғаның салдары болуы мүмкін.

## НЕГІЗСІЗ БАЮДАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Негізсіз баюға қатысты өзге де ережелер Азаматтық кодекстің 953-960-баптарында реттеледі.

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттемелер – бұл бір тараптың екінші тараптың есебінен құқықтық негізсіз баюы жағдайында пайда болатын міндеттемелер санаты. Бұл институт бір тұлға қателікпен немесе заңсыз түрде пайда алған жағдайда әділеттілікті қалпына келтіру үшін қолданылады.

Айта кету қажет, қайтаруға тек мүліктің өзі ғана емес, одан алынған немесе алынуға тиіс болған табыстар, сондай-ақ бөтен ақшаны пайдаланғаны үшін өсімпұл да жатады.

Аталған міндеттеме келесі шарттар сақталған кезде туындайды:

- баю фактісінің болуы, яғни тұлғаның заңсыз негізде материалдық немесе материалдық емес пайда алуы; зиянның болуы, яғни екінші тараптың шығынға ұшырауы немесе мүлкін жоғалтуы;
- құқықтық негіздің болмауы, яғни шарттың немесе өзге де заңды негіздің болмауы. Мысалы, қате түрде бөтен шотқа ақша аудару немесе жаңылы-

су не алаяқтық салдарынан ақша алу жағдайлары.

Азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі міндеттері – азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дауланатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда заңдылықты сақтау, істерді толық, уақытылы және әділ қарау мен шешу, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамда заң мен сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру.

Негізсіз баю жағдайында құқықтарды қалпына келтіру үшін сотқа негізсіз баюды өндіріп алу туралы талап қою қажет. Бұл ретте дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу рәсімін сақтау міндетті.

Егер негізсіз баю сомасын қайтару туралы талап белгіленген мерзімде орындалмаса, оны мәжбүрлеп өндіру үшін сотқа жүгіну қажет.

Сотқа жүгінген кезде тараптар Азаматтық процестің кодексінің 72-бабына

сәйкес өз талаптарының негізі ретінде келтірілген мән-жайларды дәлелдеуге міндетті.

Атап айтқанда, мыналарды дәлелдеу қажет:

- бір тұлғаның екінші тұлғаның есебінен мүлікті иелену немесе жинақтау фактісі;
  - баюдың заңды негіздерінің болмауы;
  - мүліктің тиесілілігі.
- Азаматтар өздерінің банк шотта-

МЕДИАЦИЯ

## МӘМІЛЕГЕ КЕЛУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Медиация жасау тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекскі, «Медиация туралы» заңмен реттеледі, заңда көзделген жағдайда профильдік заңнама нормалары қолданылады.

«Медиация туралы» заңның 2-бабына сәйкес, медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі.

Бұрын заңның 1-бабының 3-бөлігінде «тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, енбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға медиация рәсімі қолданылмайды» деген тікелей норма болды. Бұл норманың қазіргі редакциясына сәйкес «тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және заңды тұлғалар қатысатын дауларға медиация рәсімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады».

Әкімшілік істер бойынша тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасау арқылы әкімшілік істі аяқтай алады.

Сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі.

Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізуі мүмкін.

Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Егер өкіл қол қоятын болса, сенімхатта медиация келісімін жасау құқығы міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Тараптардың татуласуына жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде жол беріледі. Әкімшілік қалау дегеніміз әкімшілік органның, лауазымды адамның заңнамада белгіленген мақсаттарда және шектерде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі.

Медиациялық келісімнің шарттары орындалатындай болуы керек, сонымен қатар, сот шығыстарын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды

бөлу тәртібін қамтуға тиіс. Медиация туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Медиация келісімінің шарттары заң талаптарына қайшы келсе, және медиация шарттары басқа да адамдардың құқықтарын бұзатын болса, жауапкерде әкімшілік қарау болмаса, сонымен қатар медиацияға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса сот оны бекітуден бас тартады.

Медиация туралы келісім сот тәртібімен бекітілген жағдайда, ӘРПК-нің 13-бабының 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес талап қою қайтарылады, бұл өз кезегінде талап қоюшыға сол талаппен қайтадан сотқа жүгінуге кедергі келтіреді. Бұл ретте, мемлекеттік баж салығы да қайтаруға жатады.

Медиация талаптарының орындалу мерзімін тараптар өзара келісіп отырып анықтайды. Егер медиация туралы келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда, келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Сонымен қатар, медиация туралы келісімді бекіту туралы ұйғарым орындалмаса сот жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Жалпы дауды медиация тәртібімен шешудің басымдылықтары көп: дау тез арада шешіледі, уақыт үнемделеді, сот процестеріне жұмсалатын қаражат, оның ішінде мемлекеттің де қаражаты үнемделеді, тараптар дауды өзара қолайлы шарттар негізінде реттей алады. Қоғамдағы кикілжінді азайтуда медиацияның маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Осылайша мемлекеттік мекемелер, лауазымды тұлғалар дауды медиациямен реттей отырып, әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін толық қамтамасыз ете алады.

**А. АБИЛГАЗИНА,**  
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

2026 жылы жаһандық форум қарсаңында Алматыда елдің цифрлық трансформациясын ілгерілетуге бағытталған маңызды білім беру іс-шарасы өтті.

## «AI CLASS» КУРСЫ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫ КӨТЕРДІ



Жасанды интеллект саласындағы әлемге танымал сарапшы, доктор Кай-Фу Ли Қазақстанның негізгі мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор басшыларына арналған «AI Class» авторлық курсының өткізді. Бағдарламаға елдің цифрландыру саласының өкілдері қатысты, олардың қатарында Премьер-Министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық

даму министрі Жаслан Мәдиев, ҚР Президентінің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ, «ҰАТ» АҚ және басқа да квазимемлекеттік сектор өкілдері бар.

Доктор Кай-Фу Ли – венчурлық капиталист және жасанды интеллект тақырыбында бірнеше бестселлердің авторы. Ол ҚР Президенті жанындағы

жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі ретінде стратегиялық маңызды қызмет атқарады. Бұл қызметінде ол мемлекеттік органдарға сараптамалық қолдау көрсетіп, ұлттық даму стратегиясын қалыптастыруға және мемлекеттік басқару мен экономиканың цифрлануына ЖИ технологияларын енгізуге ықпал етеді. Оқыту барысында доктор Ли жасанды интеллектті жаңа өндірістік жүйе және өнімділік инфрақұрылымы ретінде жан-жақты талдады.

Оның айтуынша, жасанды интеллект – экономиканың өсуін жеделдететін ең маңызды драйвер саналады. Технологиялардың құны 175 есеге дейін төмендеген қазіргі жағдайда табыстың негізгі факторы – ЖИ жүйелерін жылдам енгізу және олармен тиімді жұмыс істеу қабілеті. Бағдарламада автономды ЖИ-агенттердің дамуы, жаһандық технологиялық жағдай және мемлекеттік секторда жасанды интеллектті қолдану үлгілері қарастырылды. Қатысушылар модельдер мен құралдарды біріктіруге арналған платформалық шешімдермен, сондай-ақ адам мен алгоритмдердің өзара әрекеттесуінің заманауи әдістерімен, оның ішінде промпт-инжиниринг және «vibe-coding» тәсілдерімен танысты.

Бұл оқыту сессиясы алдағы форумға дайындық аясында технологиялық сала мамандарын даярлаудың бір кезеңі болды. Сессия соңында қатысушылар ведомстволарында инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды алды.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

БАҒДАР

## БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ЫСЫРАП ЕТУГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛДЫ

Ақмола облысы мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы 1,6 млрд теңге сомасына бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаудың алдын алды. Прокуратура Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы 2026 жылға арналған бюджет қаражатын жоспарлаудың тиімділігі мәселесіне талдау жүргізді.

Ақмола облыстық мәслихатының 19.09.2025 жылғы № 8С-22-7 шешімімен облыстық бюджет қаражаты есебінен 4,1 млрд теңге сомаға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Талдау нәтижелері бойынша өңірдің экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау фактілері анықталды.

Мысалы, іс-шаралар жоспарында 55 млн теңге сомасына Ақмола облысы аумағындағы 16 жер қойнауын пайдалану объектісін рекультивациялау бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу көзделген. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 54, 55-баптарына сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы өзіне берілген жер қойнауы учаскесінде жүргізілген операциялардың салдарын өз қаражаты есебінен жоюға міндетті. Бұдан бөлек, аталған жер қойнауын пайдаланушыларды жою міндеттемелерін орындауға мәжбүрлеу туралы сот шешімдері бар.

Алайда, қолданыстағы заңнама талаптары мен сот шешімдеріне қарамастан, басқарма тарапынан іс-шаралар жоспарына рекультивация бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу негізсіз енгізілген. Сол секілді 1,6 млрд теңгеден астам сомаға 4 іс-шара бойынша бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланған. Зандылықтың бұзылуын жою мақсатында облыс әкімдігінің мекенжайына прокурорлық қадағалау актісі енгізілді. Осылайша, прокуратураның шаралары нәтижесінде табиғатты қорғау іс-шараларына қарастырылған бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаудың алдын алды.

**А. ТОҚАНОВ**  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

## АРХИВ ІСІ ІЛГЕРІЛЕУДЕ

Алматыда «Цифрлық трансформация жағдайындағы архив ісі мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шараға Қазақстан, Польша, Ресей, Қытай, Малайзия, Эзербайжан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген архив саласының мамандары, сондай-ақ оқытушылар, докторанттар мен магистранттар қатысты.

Конференция барысында архив ісін цифрландыру, за-

манауи ақпараттық технологияларды енгізу және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар цифрландыру жағдайында кадр даярлау, тарихи мұраны сақтау және деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыттары да қарастырылды.

**Е. КЕБЕКБАЙ**  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

**МІНДЕТ**

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ТАРАПТАР ТЕҢДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Мемлекет қайраткері, халқымыздың біртуар ұлы Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Заң адам пайдасына жазылады», дөмек, еліміздің әрбір заңы осы мақсатты көздейді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі маңызды орын алады. Олай дейтініміз, бұл кодекс азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын мемлекеттік жергілікті атқарушы органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғайды.

Биліктің заңға бағынуын қамтамасыз ететін және қоғамда әділдік орнатуға мүмкіндік беретін әкімшілік әділет институты қазақстандық құқыққа 2021 жылы енгізілді, оны сот төрелігіне тый септің берген ең ірі реформаның бірі ретінде бағалауға болады.

Еліміздің мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттары биыл бес жылдық белесін бағындырады. Жария-құқықтық дауларда аталған соттардың әлісіз тарапты қорғауда белсенділік танытуы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын арттыруда.

Мысалы, осы кодекс талабына сәйкес, сот барлық қажетті құжатты талап қоюшыдан емес, мемлекеттік органдардан сұратып, керекті дәлелдемелерді өз бастамасымен жинауға құқылы.

Бұл норма өз кезегінде даудың созбалаңға салынбай, жылдам бітуіне септігін тигізеді. Сотта дәлелдеу ауырталығының жауапкерге жүктелуі де азаматтар үшін тиімді. Даулы актінің заңдылығын дәлелдеу міндеті оны қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жүктелуі тараптар арасындағы теңсіздікті жоюды.

Әкімшілік сот заңға тәуелді актінің қабылдаған органның немесе лауазымды адамның құзыретінің болуын, оның ел заңдарына сәйкестігін тексереді. Мамандандырылған әкімшілік соттар жұмыс істегелі барлық салада оң өзгерістер болып жатыр.

Осы тұста ресми мәліметтерге сүйенсек, өткен жылғы тоғыз айдың көрсеткіші бойынша елімізде мемлекеттік органдармен даулар бойынша әкімшілік талап қоюлар саны артқан. Мысалы, мемлекеттік сатып алу бойынша – 37 пайызға, тұрғын үй – 16 пайызға, жер – 2 пайызға өскен. Азаматтар құқықтарының қорғалуы ха-

лықтың соттарға деген сенімін одан әрі күшейтті. Бұған жергілікті әкімшілік органдар жұмысында кеткен қателіктердің соттар арқылы түзетіліп, азаматтар құқықтарының әділ қорғалуы дәлел.

Заңнаманы жетілдіріп отыру уақыт талабы, соған орай, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі өткен жылы «Әкімшілік әділет, норма шығару және заң көмегін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен жаңартылды. Өзгерістер мен толықтырулар процестік құжаттар-

ды жасақтау мен сот тәжірибесіндегі әкімшілік істерді қарау сапасын арттыруды көздейді.

Сонымен қатар, ҚР Жоғары Соты жақында «Әкімшілік істер бойынша процессуалдық заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері бойынша» нормативтік қаулы қабылдады. Қаулы ел соттарының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі нормаларын дұрыс әрі біркелкі қолдануға, мемлекет пен халық арасындағы әділ тепе-теңдікті қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ, қаулыда сот бақылауының шектеулеріне, мемлекеттік органдардың жауапкершілігіне баса мән берілген. Инвестициялық даулар мен құқық бұзушылықтар арасындағы айырмашылықты түсіндіруге жеке бөлім арналған.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы халық пен билік арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеру, диалог орнату, қоғамдағы өзекті мәселелерді уақытылы шешуді көздесе, әкімшілік әділет институты осы мақсаттарды нығайтады.

**Гүлназ ОСПАНОВА,**  
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы



## ТАРАТУ

9. «Финтех Системс» ЖШС (БСН 240440024991) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 1-шағын аудан, 34-ғимарат, №4 тұрғын емес үй.

10. «Electroshield-KZ» ЖШС БСН (Electroshield-KZ) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс (сол жағы) тұрғын үй алабы, Лепсі көшесі, 49-үй, тел. +77017753836.

11. «Әділ Билер» РҚБ (БСН 221040022256) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылдық округі, Төрткөл ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 19-үй. Тел. +7 701 3838038.

## ӘРТҮРЛІ

2. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 15.05.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

- 1-лoт: Cadillac Escalade маркалы автокөлік, 2002 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 6,1 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 4 093 641 теңге;
- 2-лoт: DongFeng AEOLUS маркалы автокөлік, 2023 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,5 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 7 359 445 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе.

Сауда-саттық жеңілмеісі сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС қасасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

**Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, тел. +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S00003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.**

5. ЖШС «LIV Line» (БСН 140540020496) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Герцен көшесі, 124-үй, 2-пәтер.

6. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.

Анықтамалар үшін тел. +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

7. «Жанаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 020940003014) болу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды:  
1. «Жанаөзен қалалық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.  
2. «Жанаөзен қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.  
Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Жалын шағынауданы, 25Б құрылысы. Тел. 8 (72934) 47 381.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР						
Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізеді.						
№	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Жалпы алаңы тектар	Лоттар №	Жалға беру мерзімі жыл	Жер учаскесінің орналасқан жері, есеп кварталы	Нақты орналасқан жері
1	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	300	100	25 жыл	Екпін ауылдық округі	Нарын ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18,0 км
2	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	530	101	25 жыл	Екпін ауылдық округі	Нарын ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13,0 км
3	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	534,5	102	25 жыл	Екпін ауылдық округі	Екпін ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8,1 км
4	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	433,5	103	25 жыл	Екпін ауылдық округі	Екпін ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8,1 км
5	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	50	104	25 жыл	Сатпаев ауылдық округі	Сұлутал ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18,4 км
6	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	250	105	25 жыл	Сатпаев ауылдық округі	Сұлутал ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8,5 км
7	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	300	106	25 жыл	Сатпаев ауылдық округі	Сұлутал ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8,5 км
8	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	1125,4	107	25 жыл	Сатпаев ауылдық округі	Сатбаев ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 9,2 км
9	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	799,8	108	25 жыл	Көкжыра ауылдық округі	Көкжыра ауылынан батысқа қарай 23,8 км
10	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	959,6	109	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі	Жөңтіктей ауылынан солтүстік-батысқа қарай 29,3 км
11	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	14,6	109	25 жыл	Күмкөл ауылдық округі	Күмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6,4 км
12	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	80,9	109	25 жыл	Көкжыра ауылдық округі	Күмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 6,8 км

12. «PTR Resources» ЖШС-н (БСН 260340023399) өзіне «OMG Industrial» ЖШС-н (БСН 251240008636) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кеңесары көшесі, 8, 1935 кеңсе, «Montblanc» БО, тел. 8 777

### 13. Тері лейшманиозы

Арыс қаласы Байырқұл, Жиделі, Көкжиде, Аққала, Жосалы елді мекендерінде, тері лейшманиозы инфекциясының көзі саналатын үлкен құмтышқандар көптеп кездеседі. Инфекцияның көзі – үлкен құмтышқандар, ал оны таратушылар – үндестер. Тері лейшманиозы ауруының алдын алу мақсатында жылына 2 реттік дезинсекция және дератизация іс-шаралары жүргізіледі.

ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 мамырдағы № ҚР ДСМ-44 «Паразиттік аурулардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемиология қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы негізінде:

Табиғи ошақтарда үндестерді жою үшін әрбір елді мекен мен дала қосынын айналасында 1-3 километр радиуста орналасқан кеміргіштердің барлық індері өңделеді;

Індерді дератизациялық өңдеу барлық індердің саңылауын қалдырмай препараттарды таратып салу жолымен жүргізіледі;

Тері лейшманиозы кезінде дератизациялық өңдеулер жүргізудің оңтайлы кезеңі – мамыр-маусым және қазан-қараша айлары;

**Халық арасында алдын ала өңдеу жұмыстары жүргізу кезінде жүргізілетін іс-шараларды түсіндіру:**

**Дезинсекция жұмыстары:** Тұрғын үйде адамдар, үй жануарлары (балық пен құс) жоқ кезде, терезесі жабық бөлмеде жүргізіледі. Азық-түліктер және ылдас-аяқтар өңдеуді жүргізбес бұрын сыртқа шығарылып немесе жақсылап жапқан дұрыс. Белмелердің үй-жайлардағы жылжымай мүліктерді ортаға жылжытып, өңдеу жұмыстарына жағдай жасалуы керек. Өңдеу аяқталғаннан кейін 3-сағатқа есік-терезені жауып, содан кейін құралдың иісі кеткенше бөлмені желдетіп, дезинсекция жүргізілген бөлмелерге сабынды сумен ылғалды тазалауды жүргізгеннен кейін, үйге кіруге рұқсат етіледі.

**Дератизация жұмыстары:** Ауыл айналасында үлкен құмтышқандар колониясы орналасқан жерлерде дератизациялық іс-шаралардың жүргізілетіндігі жайында алдын ала елді мекен халқына хабардар етлуі (малдарын өріске уақытша шығармауын) тиіс.

**ҚР ДСМ СЭБҚ «УСО» ШЖК РМК**  
**«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының**  
**Арыс қалалық дезинфекциялық секторының**  
**Нұсқаушы дезинфекторы**  
**К.А.ЕГАМБЕРДИЕВ**

## МҰРАГЕРЛІК

3. 4.11.2025 жылы қайтыс болған Камбатыров Амангельды Акишевтің артынан мұра ашылды. Барлық мұрагерлері ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288- ғимарат бойынша нотариус Г.Ж.Сүлейменоваға жүгінуі керек. Байланыс тел. +7 702 255 86 92.

4. 2026 жылдың 11 қаңтарында Джумабаев Куралбай Хайтбаевичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №41Б ғимарат, №210-211 кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаеваға хабарлассын. Тел. 8 707 162 49 91, 8 778 162 49 93.

Қызылорда облысының судьялар қауымдастығы Қызылорда облыстық сотының судьясы Абызбаева Салтанат Бектайқызына әкесі

**Абызбай Бектай Нұртайұлының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**  
Тел.: 8 (708) 929-98-74

**E-mail:**  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270 e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті-3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел.: 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Ильяев көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерщи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

**БАЙҚАУҒА**

(Соңы. Басы өткен санды)

Бұл мандағы бес шахтаның билігі түгелдей ОМОН-ның қолында. Жергілікті халық үшін «ОМОН» – күзет қызметі де, күзетшілері – бәріне ортақ, үрей тұдыратын атау. Шахтада түсерде әр адам «мың теңге» беріп, лифтіге отыруға бес жүз теңге төлеуі керек.

Шығын аз болсын деген оймен кей адамдар жер астында апталап, айлап қалып қояды. Жер асты жолдарымен де түсуге болады, бірақ ол тым ұзақ әрі ауыр жол. Егер, кенет соң алтыңға (самородокқа) тап болсаң – оны ОМОН-ға беруге міндеттісің. Шахтадан шығарда бәрін тінтеді. Тыйым салынған алтын табылса, күшпен тартып алып, таяқтап тастайды. Қарсыласуға, бірдеңе дәлелдеуге тырыссаң, одан да жаман – итше тепкілеп, сойып салады.

Ауылда әбден орныққан жансыздық жүйесі бар. Үлкен самородок тапқандардың соңынан арнайы түсіп, шахта ішінде-ақ тартып алып кетеді. Алтынды ОМОН өкілдері үй-үйге келіп сатып алады. Сыртқа сатуға тыйым салынған. Бұл тәртіпті бұзғандарды соққыға жығып, кейде өлтіріп те тастайды. Шахталардың шынайы иесі кім екенін, қайда тұратынын тірі жан білмейді.

Айна мен оның ұлдары да осы кәсіппен айналысады. Апталап жер астында болып, руданы жинап алып, кейін үйде соны ұнтақтау мен сынап қосу ісімен айналысады. Осы сұмдықтарды естіп отырып, денемнің терісінің әр тесігінен сынап ішіме сіңіп жатқандай көрінді. Тісімді шымырлатып, бауырды қысып жатқандай. Сыртқа жүгіріп шығып, таза ауа жұтқым келді, бірақ өкінішке қарай, бұл жерде таза ауа да қалмағаны түсінікті.

Алайда, бізді мазалаған басты мәселе әлі шешілмеген еді – осы шахталарда тұтқындар бар ма? Біз арнайы тапсырма алып, іздеп келген клиенттердің туыстары солардың ішінде ме? Сол сұрақ жүрегімізді парша-парша етіп тілгілеп, маза бермей отыр...

Өңгіме қыза түсіп, дауыстар да айқын шығып, биіктей берді. Владимир мені аяғымнан түрткі қалды: «Сабыр сақта, ана екі жігіттің анасымен флирт жасап, артық кетіп жүрме!» деген иша-ра.

Біз әп дегенде өзімізді орта деңгейлі кәсіпкер ретінде таныстырған болатынбыз. Мақсатымыз – компаниямдармен бірігіп, осы маңнан бір шахта сатып алу немесе жер жалға алу мәселесін зерттеу.

Осы көріністер мен сюжеттердің барлығын келуші топтың басшысы, полковник Қайсенов ойына сақтап, көңілге түйіп қойды...

Ер адамдар сыртқа шығып, темекі тартуға кірісті. Тіпті, өмірі аузына темекі алып, көрмеген Абылай Әзімханұлының өзі түгіндете бастады. Себебі, бәрінің ішінде «пинкертондық» құмарлық лап ете түскен еді. Үйдің үлкені ретінде Ерік аспаннан түскендей пайда болған меймандарға қосылып, ал кішісі анасына көмектесу үшін үйде қалды.

– Ерік, қарап отырсаң, сен салмақты жігітсің. Алматыға көш, бізбен бірге жұмыс істе, – деді Татаринцев сыпайылық үшін пейіл білдіріп. Бірақ, оның бұл айтқан ұсынысы балаға ұнап, жүрегіне сарымайдай жағып кетті.

– Қуана-қуана барар едім, бірақ анама кім көмектеседі? Рас, апатайымның өзі де бұл жерден кетуді қалайды, – деген Ерік, нағыз азаматқа лайық сабырмен пікірін білдіріп.

Арақтың әсері ме, әлде бұл отбасыға деген шынайы жанашырлық па, кім білсін, әйтеуір, Қайсенов пен Владимир Иванович те Ерікке алдымен, кейін Айна мен Берікті көшіріп, жұмысқа орналастыру жайын кеңінен пысықтап, талқылауға қызу кірісіп кетті.

– Берікті оқу керек, қабілетті бала, – деді ерте есейіп кеткен Ерік, өзі оқу атаулыдан біржола бас тартқанын білдіріп.

– Ерік, алдымен сен бізге көмектес.



# АЛТЫННЫҢ БУЫ

Біз бүгін істейтін істі ертеңге қалдырмауды жөн көрдік, – деген Таирұлы өздерінің сапарының негізгі мақсаттары жайлы біраз өңгіме айтты.

Істің жай-жапсарын тыңдаған Ерік қызығып, ынталыға түсті.

– Мен сіздерге шынымен көмектесе аламын. Барлық катакомбалар мен шахталарды білем. Бірақ үшінші «биске» бармаймыз – ол жаққа жер үстімен де, жер астымен де жақындапайды. Ескертусіз ағады.

– Неліктен?  
– Себебі онда ең бай алтын қабаты орналасқан. ОМОН, бәлкім, тек туыстары ғана кіргізетін болар.

– Маған сол жер аса керек болып тұр.

– Жақсы. Ол жаққа жапон әскери тұтқындарын жерлеген ескі завал арқылы кіруге болады. Бұл аймақ туралы екінші бірі біле бермейді.

– Бізді ешкімнің көзіне түсірмей өткізе аласың ба?  
– Өткізуді өткізем. Бірақ қауіпті аймаққа өзін бармаймын.

– Жарайды. Сен бізге көмектес, біз сенің отбасыңа көмектесеміз. Тек бұл туралы ешкімге тіс жарып айтушы болма. Тіпті анаң да.

– Түсіндім. Сіздердің «орган» адамдары екендеріңізді келген бетте бірден сезгенмін.

– Жақсы, дұрыс сезгенсің. Бізге көмектессең болды, біз де сен үшін қолдан келгенді жасаймыз. Менің сөзіме сенетін шығарсың?  
– Сенемін, аға. Қамқор бола алатындарыңызға да сенемін...

## Сары шайтанның шеңгелінде

Бүкіл елде жаңа жыл қарсаңындағы дайындықтың қызған шағы. Осы қарбалас сәтті кино лентасындай көз алдынан тізбектете өткізіп отырған полковник Қайсенов жанұясын қатты сағынғаннан жүрегі асау таудай тулап кетті.

«Өз үйімде, білем, қазір жылылық пен жайлылық орнаған. Жан жарым – Айна балалармен бірге мерекелік кешкі асқа камданып жүрген болар. Иә, қызымыз бен ұлымыз балалық жастан асса да, үйдегілер оларды әлі де кішкентай көреді. Ерке болып өскен олар, шын мәнінде, әлі бала сияқты: бір-бірінен жаңақтың сынығын тартып алып, төрт кремнің қалдығы үшін таласып жатады. Бір-біріне туыстық сезіммен еркелеген у-шуы, айна мен балалық күлкелері қандай!»

Э-э-эх...! Бірақ, бұлардың бәрі қазір тым алыста жатыр. Құдай бұйырып, осы қауіпті «алтын» атты сапардан аман-есен қайтсаң болғаны...

Мұнда, жеті жүз метр тереңдіктегі ібілістің иелігінде, дәл сондай қарбалас басталып жатыр – тек жаңа жыл-

дық маскара думанға байланысты ғана. Құлақкесті құлдарды тамақтандырды, тіпті әрқайсысына бір-бір стаканнан арак құйып берді. Сосын, олардың барлығын құрылыстың жуан арматурасынан жасалған, жатақханаға ұқсас темір торға қамап, алып құлыппен жауып тастады. Мұнда оларды «зәк» деп атайды, себебі бұл жер астындағы түрмені басқарушы – «Гранитный» жалпы режимдегі колонияның бұрынғы жасак бастығы, капитан Шаграев. Оның түсінігінде әлем – «бостан адамдар» мен «жазаланғандар» деп екіге бөлінген, ал соңғылары – тек қорлық пен мазак үшін жаратылған бейшара жаратылыс иелері.

...Күзетшілер алты адам, Шаграевпен жетеу. Ал біз Володя Татаринцев, Болат Атабаев үшеуіміз ғана. Міне, екі жақ – күштің ара салмағы. Олар – винчестер карабинімен қаруланған, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі офицерлік блиндажға ұқсайтын жалпы жабдықталған бұрышта тұрып жатыр. Оларда электр жарығы да, телефон да бар – бұл бір кездері алдыңғы қатарлы кенестік шахтаның сарқыншағы. Ал біз болсақ, үшінші күн қатарынан «көртшықанша тіршілік» кешудеміз. Ерік, шын мәнінде, өте пысық, сенімді және катакомбаға апарар жолды дәл тауып берген жер асты қуыстарының білгірі. Ол – жер астына біртіндеп терендей түсіп, иректеліп, тармақталып барып жасалған катакомба тұсына, жасырын жолмен чекістерді аман-есен, ойдағыдай жеткізді. Олар бүгіліп, еңбектеп келе жатқан галерея кенет кеңейіп, қараңғылыққа сіңіп кетті. Жарқырап тұрған электр шамдары мен прожекторлар көздерін бір сәтке қатты шағылыстырып, жарыққа үйренбеген жанарлары көрмей қалды. Көз үйренген соң, көз алдынан тозақтың өзіндей көрініс ашылды – не қорқынышты түс, немесе Голливудтың фантастикалық боевиінен үзінді дерсің!

Шахтаның екі жағында елестерге ұқсас адамдар жүр. Иә, адамдар сияқты, бірақ бейнелері бұлдыр, көлеңке секілді. Бірденің балғамен немесе мұз шапқышпен ұрып, ағаш табақтарға салып жатқандар. Еденде екі жуан темір арқан тартылып, соған адамдардың аяқтарындағы шынжырлар бекітілген. Ал орталықта – дубинка ұстаған, камуфляж киген жендеттер іштері пысып, арлы-берлі сандалып, дүниені өздері жаратқандай, қоқиланып жүр.

Алдыңғы жақта әлгі темір тор мен офицерлік «блindaж» орналасқан, ал кіреберісінде қаруы сапайлап, ағаштан жасалған орындықтар күзетшілер отыр.

Міне – жер бетіндегі адамның өзі үшін жасаған тозақ оты. Осы – арам байлықтың, алтыңға деген соқыр ашкөздіктің салтанаты. Аллауан, не болды саған, адам баласы, хайуаннан да төмен құлдырап, осындай жан төзбес тозақты ұйымдастырған адам ба, әлде

үңсіз көніп, шынжырға байланғандардың өздері ме?!

Құтқарушы жігіттер жағдайды бақылап, айналыны зерттеп, әр нәрсеге белгі қалдыра отырып, ақырын жер бетіне қайта шықты. Кешке қарай қажетті жабдықтармен қаруланып, тағы да сол бағытқа аттанды. Бір қуыс тауып, ішін одаеялмен қаптап, уақытша «лагерь» құрып алған олардың ұйқыға шағымы болмады.

Орнатылған екі радиоқұрылғы полковник Қайсеновтың тобына шахта ішіндегі оқиғалар туралы тұрақты ақпарат беріп тұрды:

Құлдардың жалпы саны жиырма екі. Әрқайсысының тағдыры – жеке-жеке трагедия. Құдай-ай, солардың арасында, іздеу жарияланған Андрей Сиверцев те бар екен! Ол бірнеше рет шыққан тегін айтып, қарындасы Марьянаны еске алды:

«Ай, Марьяна-ай, менің сүйікті «мыстандарым-ай»! Құшақтап, беттеріңнен шөп-шөп еткізіп сүйетін шаққа қашан жетер екенмін. Бәрі сәтімен

аяқталып, мына «алтын тозақтан» аман-есен шықсақ, жолығып, көрісерміз әлі!»

Полковник Қайсенов пен Татаринцев ара-тұра жарық жаққа жақындап, алыстан сол ортағасырлық азаптау цехына ұқсас өндіріске бақылау жасап отырды. Ал дайындық, әрине, қыза түсті. Көптен күткен, шешуші сәт келіп жетті-ау, әйтеуір...!

## Бауырың қылыш ұстатар

...Бәрі кәдімгі адамдарша – тілек айттылып, тост көтеріліп жатты. Тіпті, егемен Қазақстан үшін де ішті. Ән салып, хорға бас қосу кінәуда болды, бірақ бұл кешірімді нәрсе – тойлап отырғандар «капо» – грузиндер емес, ішіп отырғандары да солардың жетікесіндегі шарап емес еді.

Бірақ, ей, шайтанның балалары, сендерден бар болғаны бес-ақ метр жерде, өз қандарың, өз бауырларың торда қамалып отыр. Зоопарктегі аңдардай. Олардың кінесі не? Әлдекімнің ашкөздік аранның ақылға сыймай бара жатқанында ма? Құдайдың өзі кешпейтін бір күнә болса – ол қанағатсыз ашкөздік. Адамды ең алдымен осы қасірет құртады. Мұндай алтыңға құлдық ұрған, тойымсыз нәпсінің не ақталары жок, не түсіндірер себебі жок.

...Ақыры әбден көңілі көтерілген Шаграевты қарауылдардың жарамсақ достары сеспей қатырып тынды. Енді ол өзін ізгіліктің бейнесіндегі сезіне бастады. Әрқайсысы жүрекке жететін сөз табуға тырысып, бәрін ішіп тауысуға мәжбүрледі. Шағын шыны рюмка емес, стакан болған соң, нәтиже көп күттірген жоқ. Әр тұстан шақылдап сынған ыдыстар дыбысы, айқай-шу, түсініксіз керіс, тіпті бірінен соң бірі құлап жатқан орындықтар. Ақыры барлық жақтан қорық араласқан, жандары үзіліп кетердей қырыл естілді.

– Болды, Татарин, кірістік! – деуші едік бұрын Вовка досым екеуіміз басқа көшенің бұзықтарымен төбелеске шығарда. Бұл, міне сол бағыс сөз – осы жолғы шайқастың бастамасы!

Қараңғылық ішінен «құтқарушылар тобы» – чекистерінің әрқайсысы тәлтіректтей басып, үстелге жақындады. Таза екі бөтелкені ашып, ішіне екі-екіден клофелин таблеткасын салып, араластырып қойды.

– Сен кімісің? – дегенге ұқсас бір күбірді тек Шаграев қана шығара алды, басқалары кімнің кім екендігін айыра алар халде емес. Володя оны басынан сипай күлімдеп, қолына бөтелке ұстата салды:

– Жаңа жылыңмен, бауырым!

Бірақтан соң барлығы құлап жатты. Кезекші бөлмесінде кілт ілулі тұрған қалқан көзге түсті.

– Жігіттер, тездетіп тұрыңдар, киім

ауыстырып, жолға шығамыз! Барлық жағдайды жолда түсіндіреміз...

Бірақ, меніреу үңсіздік... Біреу жөтелді, енді бірі аунап, ыңырси қозғалақтады да, үңсіз қалды.

– Не, сендер түсінбедіңдер ме?! Тез тордан шығыңдар, кетеміз!

Кейбіреуі басын көтерді, қалғандары отырып, бұл не – өзіл ме, жоқ әлде көшпелі цирк не – түсінуге тырысты.

– Андрей Сиверцев! Саған – әпкен Марьянадан, ананнан сәлем! Олар бізді сені құтқару үшін жіберді.

Тыриған арық, жарытық киімді, үсті-басы лас, кірден көрінбейтін, бірақ, көздері отша жанып, жігерлік оты айқын білініп тұрған жас бала полковник Қайсеновқа ұмтылып, еңірей жылаған күйі, оның құшағына құлай кетті.

Сол сәтте ғана бәрі қозғала бастады, бастары айналып кеткен болар – апыр-топыр қарбалас басталды. Әлгі тұтқындар ұйқы құшағындағы күзетшілерді шешіндіріп, бір шетке ысырып тастады. Енді біреулері оларды боқтап, теуіп жатыр.

– Жігіттер, бұл хайуандарды өлтіріп тастауға да моральдық құқығымыз бар. Бірақ біз – құқық қорғау органының жауынгерлеріміз. Бұл жендеттердің жазасын сот шешсін деген ниеттеміз, – деп сабырға шақырды Татаринцев.

– Қайдағы сот, а? – деді біреуі ашудан ба, жоқ әлде, қуаныштан ба, белгісіз, дір-дір ете қалымылдап.

– Кімге киім жетпесе, көрпеңің ортасынан тесік қылып, басына киіп ал. Бұл – мексикалық пончо! Аяқтарыңды шүберекпен орап алыңдар – сыртта отыз градус аяз.

Таң сыз бере, бәрі жер бетіне шықты. Жер астындағы нұсқаулар бекер кетпепті – бәрі жинақы, тың, берілетін келесі бұйрықты асыға тосып тұр.

– Кімсіңдер? – деп, терезесін түсіріп сұраған «Күзет» қызметкеріне, Володя Татаринцев:

– Жабайылардың тойы... – деп, қылжақтай жауап берді.

– Өзіміз ғой, бауырым, жүре бер, – деген полковник Қайсенов әр сөзін нықтап, оның көзіне тіктей қарады. Қажет болса – қорғануға дайынмын. Бұл – оның бұрыннан, ІІМ-де қызмет істеген кезден бері қолданып жүрген психологиялық әсер ету тәжірибесі. Сержанттың көздері бақырайып, терезесін жауып, үңсіз жүріп кетті.

Бостандыққа шыққандар мен оларды құтқарушылар тиелген, кеше алдын ала дайындап қойған жүк машинасы тегіс жолға шығып, барыныша ызғытып келе жатыр. Әлгіде Абылай Әзімханұлының құшағына еңірей құлаған Андрей Сиверцев қуаныштан жылағанымен, рухын жоғалтпапты. Өздерін құтқарушыларға алғысын жаудыра отырып, таза қазақ тілінде:

*Сонау Сибирь түткірінде,*

*Жасыма дос, сабыр қыл!*

*Өршіл талап өлмес мүлде,*

*Ауыр еңбек кетпес құр.*

*Жаныңда жүр жас үмітің –*

*Ол көңіліңді оятар.*

*Жігеріңді қайнатар ол,*

*Көптен күткен таң атар.*

*Жеткендей қаторгіге,*

*Еркін дауысым аралап.*

*Өтіп шыңырау – қараңғыны,*

*Жетер достық, махаббат!*

*Қапас зындан қалар құлап,*

*Түсер бұғау – босатар.*

*Азаттық шақ құшағына ап,*

*Бауырың қылыш ұстатар!*

Бауырың қылыш ұстатар! – деп, Пушкиннің «Послание в Сибирь» өлеңінің, қайдан, қашан үйреніп алғанын кім білсін, қазақ тіліндегі аудармасын, қос шырағы отша жанып, мүдірместен, жігерлене оқып шықты. Көздерінен тоқтаусыз аққан жасын сүртпестен, қайтадан Абылай Әзімханұлының ыстық құшағына құлай кетті. Енді қайтсін, бұл жарық дүниеден де, сүйікті анасының «құлыным» деген сөзін естуден де, мүлдем күдер үзген жас жігіт жыламай қайтап шыдасын! Өкісіп, құдіреті күшті Құдайдың өзіне, өзі сияқты қаптаста бүрге отырған тұтқындағы достарына жіберген құтқарушысы – полковник Қайсеновтың ыстық құшағына еркелемей, құламай қайтсын...!

**Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы  
8 775 733 56 65  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**

Тапсырыс №965 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31